

Субсидиялауға жататын бағыттарға және өңірлер бөлінісінде жыл сайынғы субсидиялар көлемін ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2013 жылғы 14 ақпандағы № 3-1/55 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 25 ақпанда № 8342 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 8 қазандағы № 3-2/905 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 8.10.2015 № 3-2/905 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру мақсатында субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 36 қаулысын іске асыру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Субсидиялауға жататын бағыттарға және өңірлер бөлінісінде жыл сайынғы субсидиялар көлемін ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы департаменті және Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті өз құзіреттері шегінде облыстар бойынша субсидиялаудың бекітілген көлемдеріне сәйкес, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыру мақсатында субсидиялауға берілетін нысаналы ағымдағы трансферттермен аударылған қаражатты пайдалану мониторингін жүргізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін вице-министрге жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министрдің м.а.

М. Өмірияев

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы Министрінің м.а.

2013 жылғы 14 ақпандағы № 3-1/55

бұйрығымен бекітілген

Субсидиялауға жататын бағыттарға және өңірлер бөлінісінде жыл сайынғы субсидиялар көлемін ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегі

Ескерту. Қаражат шегі жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.12.2013 № 3-1/647 бұйрығымен.

Р/с №	Облыстар	Шығыстар баптары (мың теңге)										
		Сыыр еті	Шошқа еті	Қой еті	Жылқы еті	Биязы жүн	Сүт	Қымыз	Шұбат	Құс еті	Тағамдық жұмыртқа	Шеңбер
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1	Ақмола	186 370	39 742	5 100	21 344		390 400	8 580	330	40 500	1 092 572	185
2	Ақтөбе	152 384	442 789	6 896	20 178		162 499	5 994	468	75 000	286 500	114
3	Алматы	328 725	564 762	75 860	99 250	122 303	531 200	68 280	66 000	4 514 201	1 374 420	277
4	Атырау	1 2 207		8 990	8 096		3 840	798	6 050			11
5	Шығыс Қазақстан	404 100	85 290	65 000	61 640	5 499	781 970	67 500		1 889 500		351
6	Жамбыл	259 080	124 066	93 940	26 680	47 250	5 2 545	14 400	4 400		63 000	88
7	Батыс Қазақстан	414 862	46 709	20 000	55 200	690	6 4 025	5 460			241 246	268
8	Қарағанды	4 1 083	568 226	100 000	152 600		9 9 501	128 483		315 500	1 262 379	283
9	Қостанай	266 829	25 200		4 462		580 334	780		123 000	465 391	162
10	Қызылорда	6 0 000		16 000	16 100		136 900	3 720	19 281			54
11	Маңғыстау			2 500					24 750			
12	Павлодар	204 000	198 362	31 720	42 320		351 997	32 100			154 954	145
13	Солтүстік Қазақстан	9 2 434	105 995		1 758		665 638	720		68 350	666 641	116
14	Оңтүстік Қазақстан	213 011	40 000	40 000	24 196	11 004	5 6 500	9 000	20 350	574 998	257 537	62
	БАРЛЫҒЫ	2 635 085	2 241 140	466 006	533 824	186 746	3 877 349	345 815	141 629	7 601 048	5 864 640	2 1